



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

А.Н. Леонтьев подчеркивал, что мотивы деятельности личности воспитываются и необходима работа по их формированию [6, с. 153]. Поэтому для подготовки качественных педагогических кадров необходима специальная работа по формированию и развитию мотивации по выбору педагогической профессии как со старшеклассниками, так и со студентами.

Список использованных источников

1. Климов Е.А. Как выбирать профессию. – М.: Просвещение, 1990, 159 с.;
2. Киселева О.Н. Формирование личностной направленности старшеклассников на выбор профессионального педагогического образования: Дис... к.п.н.: 13.00.01. – М., 2005, 161 с.
3. Ломоносов И.М. Будущая профессия – учитель. – А-А., 1990, 144 с.
4. Сластенин В.А. и др. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. – М.: Школа-Пресс, 1997, С. 56-57;
5. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М., 1990, 119 с.;
6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1997, 304 с.

УДК 37.013.43

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Джазитова Айнур Тенельбаевна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші-Албытова Н.П.

Болашақ ел азаматтарының өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір – қасиетін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез – құлық нормаларын рухани – адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік. ХХІ ғасырға аяқ басқан жаңа жағдайдағы қоғамда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялап, өркениетке бағыт алған кезде болашақ жас ұрпақты мәдениетті, білімді, рухани интеллектуалдығы жағынан жоғары етіп тәрбиелеудің мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Соның ішінде жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы арта түсуде. Оның маңыздылығы әсіресе, жаңа педагогикалық ойдың тұжырымдамасымен байланысты тәрбиедегі жүйелі көзқарас қалыптастырудың жалпы стратегиялық бағыты және оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруға үлкен ықпал жасау мәселесі бұрынғысынан да артып отыр. Қоғамда орын алып отырған келеңсіз жағдайлар (тұрмыстық қиыншылықтар, күн сайын туындап отырған қымбатшылық, жұмыссыздық т.б.) оқушыларға теріс ықпал етеді.

Қазіргі уақытта оқушылардың арасында орын алып отырған, аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиеттердің жүдеу тартуы, кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашарлық сияқты жат қылықтармен қатар мейірімсіз, қатігез жастар қатары белгілі. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз бар қазақта. Ендеше жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, бір – бірімен достық қарым – қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Мұнда, әсіресе, оқушылар тәрбиесіне мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларының ықпалы зор.

Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Білім беру туралы заңының 11 бабында келесідей міндеттер белгіленген:

- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау

- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш- қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой – өрісін байыту

- азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет – ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту. [1]

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050 : Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», - деген талапты білдіреді. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани – мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығару үшін: ана тілі мен дінін, тарихын, салт – дәстүрін, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру бағытында ғана басты мақсатқа жетеміз. [2]

Тәрбие тұжырымдамасында белгіленген мақсаттар мен одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыты айқындалады:

- *Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие* гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның тандаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе. [3]

Аталған мәселелерге байланысты жоғары сынып оқушыларын соның ішінде қыз балаларды ұлттық құндылықтар негізінде, яғни салт – дәстүрлерді негізге алып тәрбиелеуді басты мақсат етіп алдық. Қазақ қоғамының мыңдаған жылдық дәстүрінде, мәдениетінде, әдебиеті мен тарихи шежірелерінде қыз баланың орны ерекше бағаланған. Ерте заманнан бері барлық жұртта соның ішінді қазақ жұртында қыз бала тәрбиесіне мығым қарау елдің басты міндеті болған. Елдегі қыз бала тәрбиесі елдің өзге елдер арасындағы ар – ұятыменен, мәртебесімен шамалас келген. Сол себепті де қыз бала тәрбиесін ұлттық салт-дәстүр негізінде қалыптастыру – бүгінгі күннің маңызды талабы. Қыз баланың парасаттылығы, имандылығы, нәзіктігі, ақылдылығы мен іскерлігі жөнінде көптеген ғұламаларымыз бен ағартушыларымыздың қалдырған еңбектері аз емес. Қазақтың белгілі ағартушы – педагогтары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаевтар және т.б. еңбектерінде келешек ұрпақ тәрбиесінде қыз балалар туралы да қарастырған.

Көрнекті педагогтар К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде қыз бала тәрбиесінің кейбір жолдарын ұсынған.

Соңғы жылдарда республикамызда қыздар тәрбиесі мәселесіне бірқатар зерттеулер жүргізген ғалымдар (Ұ.Ә.Есім, М.Д.Шағырбаева, Ш.Жалғасова, А.Қасымова, И.Каракулов, Қ.Құнантаева және т.б.) еңбектерін атап өтуге болады. Бұл ғалымдар еңбектерінің барлығында дерлік халықтық педагогика негізіндегі қыз баланың тәрбиесі мәселесі қозғалған. Дей келе, ұлттық тәрбие негізінде қыз бала тәрбиесін педагогикалық –

психологиялық тұрғыда және де ғылыми - теориялық тұрғысынан негізделген, әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіздігі. Сондықтан да бұл мәселені айрықша зерттеуге тура келеді. [5]

Ең алдымен ұлттық құндылықтарға тоқтала кетсек. *Құндылық* – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер. Ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педагогикалық үдеріс бағытталған.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ұлттық құндылыққа – ұлтымыздың мәдениеті, әдебиеті, өнері, музыкасы, спорты, салт-дәстүрі т.б. жатады. Соның ішінде біз салт – дәстүрді қыз тәрбиесіндегі маңыздылығын бөліп алдық.

Академик А.К.Конның басшылығымен 1983 жылы «Педагогика» баспасынан шыққан этикалық сөздікте «Дәстүр дегеніміз – әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп – жетілген әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс – әрекеті мен мінез – құлқының ұрпақтан-ұрпаққа белгілі түрде ауысып берілетін түрі» деген анықтама береді.

Халық педагогикасын зерттеуші белгілі педагог ғалым С.Қалиев оқушылар тәрбиесінде салт-дәстүрлерді пайдалану туралы көптеген ғылыми-практикалық еңбектер жазды. Солардың бірінде: «Салт пен дәстүрдің айырмашылығы неде дегенге келсек, салт – адам өмірінің күнделікті тіршілігінде жиі қолданылатын мінез – құлық, қарым – қатынас ережелері мен жол – жора, рәсім заңдарының жиынтығы. Ол жеке адам өмірінде еңбек, іс-әрекет, адамгершілік, құқық, діни ережелерімен байланысты көрініс береді де, біртіндеп ауыл – аймаққа, ру, тайпаға ортақ рәсімге айналады. Ұлттық құндылықтардың негізгі салаларының бірі- салт-дәстүрлер, әдет –ғұрыптардың шығу тарихын, қолдану заңдылықтарын айта келе, оның қыз бала тәрбиесінің арқауы екендігіне көз жеткізуге болады.

Жалпы алғанда қыз балаға тәрбие беру мазмұны мынаған саяды:

- қоғамда және отбасында дұрыс қарым-қатынас ұғымдарын қалыптастыру;
- имандылық қасиетін қалыптастыру;
- өмірді бағалауға, оның жасампаздық жағдайына бейімделу;
- әдептілік, адамгершілік, еңбекқорлық, кішіпейілділік сияқты адами қасиеттерге баулу;
- туған-туыс, ата-ана, қоғам ұрпақ алдындағы жауапкершілігін ұғындыру;
- ұлттық болмыс ұғымдарды жете білуге баулу» [4,40].

Халқымыз отбасы тәрбиесін ұрпақтың, оның ішінде қыз баланың жеке тұлға болып қалыптасуында маңызы зор деп есептеген. Қыз баланың рухани өміріне, сана-сезіміне ұлттық- психологиялық белгілерді ендірудің жолдары мен тәсілдерінің басым көпшілігі ұлтындағы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы сіңірілген. Жалпы қыз баласының өсу тұсындағы әдет-ғұрыптардың бәрінде рәсімді атқарушының ауылына сыйлы, ағайындарына қадірлі, замандастарына ардақты әйелдер мен келіндер болуын қадағалады Себебі, халқымыз салт-дәстүр , әдет-ғұрыптар – тәрбиелеу функциясын атқаратын құрал болса, рәсімді атқарушыны тәрбиеші қатарына санап, оның болмыс-бітімі қыз баланың қалыптасуына сөзсіз әсер етеді деп есептеген. «Жақсы қыз – жағадағы құндыз» деген нақыл сөз ата-анасы үшін қызын көргенді етіп өсіру мұрат екенін білдірсе, «Қыз елдің көркі , гүл жердің көркі», «Әдепті елдің қыздары – қырмызы қызыл жібектей» деп, адамзатты асыл ойларға жетелейтін қыз баласының қоғамдағы алар орнын жоғары бағалайды.

Халқымыздың қыз бала тұлғасын қалыптастыруда үлкендердің, ата-анасының, елге белгілі кісілердің жақсы істерін үлгі етіп, тәрбиеде «ұят», «намыс», «ар» ұғымдарын кең пайдалана отырып тәрбиелеудің мүмкіндіктері белгіленді: 1) *қазақ отбасындағы тәрбие нысандары*: ұлттық салт-дәстүр, ұлттық әдет –ғұрып, ұлттық мұралар, әжелер мектебі, аналар мектебі, ұлттық рухани құндылықтар, ғылыми-теориялық тәрбие жүйесі, отбасылық тәрбие, ұлттық мәдениет, қыз бала психологиясы, қыз бала физиологиясы, қоғамдық орта; 2) *қазақ отбасындағы қыз балаға тәрбие беру әдістері*: сендіру, үйрету, жаттықтыру,

көтермелеу, мадақтау, мақұлдау, жазалау, тыйым салу, талап қою; 3) *қыз бала тәрбиесіне кері әсер ететін факторлар*: жағымсыз мінез-құлық, жалқаулық, жауапсыздық, зиянды әдеттер (алкоголь, темекі, наркотик және т.б.), әуесқойлық ойын – сауықтар және жағымсыз іс-әрекеттер, салауатсыздық, сауатсыздық, мәдениетсіздік, отбасылық, ұлттық намыстың төменділігі, жағымсыз орта деп белгіленді. [5]

Қазақ ұлтының аналары қыз бала тәрбиесін ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым, жоралғы, тыйым сөздер арқылы жүйелеп, ұлттық генофонды сақтауға, ұрпақтың салауатты, зейінді, ақылды болуына аса зор ықыласпен қараған. Осы негізге сүйене отырып қыз баланы тәрбиелеудің мазмұнын айқындайық.

Қазақ дәстүріндегі қыз баланы тәрбиелеудің мазмұны:

1. Қыз баланың дүниеге келуі
2. Қыз балаға ат қою
3. Қыз балаға арналған жоралғылар

1. Қыз баланың дүниеге келуі. Бала дүниеге келгеннен кейін, оның құрметіне жасалатын той – шілдехана деп аталды. Мұны халқымыз «шілде күзет» деп те атайды. Шілдехананың негізгі міндеті ана баланың тіл көзден сақтау. Жалпы қазақ халқымыз қыз немесе ұл болуына аса үлкен үмітпен қараған. «Қыздың аты қыз гой шіркін, қашан да, төбесіне алтын қойып бақсаң да», деп дәріптеп, «Қызы бар үйдің – Қыдыры бар деп дәріптеген. Қыз бала дүниеге келгеннен кейін оған таңдап ат қойған.

2. Қыз балаға ат қою. Қыз баланың аты затына сай болсын деген ниетпен оның нәзіктігін, қылықтылығын, имандылығын танытатын аттар қойылған. Жанбиді, Назым, Інкәр, Аяулы, Еркежан, Сара, Дана, Айсұлу, Мақпал, соңынан ұл болсын деген мақсатпен: Ұлболсын, Ұлбиді т.б.

3. Қыз балаға арналған жоралғылар. Бала дүниеге келгеннен кейін күн сайын шомылдырып отырады. Алдымен қалжаға сойылған қой етінің бірінші қайнатылған көбікті суына қосып, ал кейіннен сабынның көпірмесіне шомылдырады. Балбыраған баланы келесі күні тұзды суға шомылдырып, әр суға шомылғаннан кейін құрғатып, сүртіп қалампыр қосылған қойдың майымен немесе күнбағыс майымен нәрестені сылайды. «Көк жаңбырмен, бала сылаумен өседі» деген сөз осыдан қалған. Нәрестені қырық күннен кейін қырқынан шығарады. Ал, қыз баланы қалың малы көп болсын деп қырық күннен асырып шығарған.

Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады. Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті...

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы — әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды.

Қазақ халқының мақсаты — әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түгін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты. Бұған әсіресе ата-ана қуанады. [6]

Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және инабатқа толы өмірдің қозғаушы күші. Өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс

та, ұлттық рух та, тәрбие де, жарасымдылық та молынан табылады. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өсуінде ұлттық салт-дәстүрлерді рухани мұра ретінде пайдалану жолдарын іздестіру өзекті бола бермек.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050 : Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауынан
3. ҚР Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы
4. Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық\ - Алматы: РПБК «Дәуір» 2014. – 336 бет
5. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. -Алматы: Білім, 1995
6. Сағыбай З. Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы. Фил. ғыл. канд. дисс. - А., 1999.

УДК 930.584 5(574.5)

ИНДИВИДУАЛЬНОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ КАК НАПРАВЛЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА

ДаутоваЖадыраРамазановна
dautovazhadyra@gmail.com

Студентка 4 курса по специальности «Социальная педагогика и самопознание»,
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель-Абдыхалыкова Ж.Е.

Социально-психологическая обстановка, складывающаяся в стране за прошедшее десятилетие, дала почву коренной ломке социального сознания и жизненных ориентации людей. В последнее время трудности духовного самочувствия общества оказались в центре внимания в нашей стране, утратившей и обычные границы, и устойчивые ценностные ориентиры, собственно привело к социально-психологической дестабилизации людей, проявляющейся во взрывах немотивированного насилия, эмоционально-волевого истощения, росте агрессии. Происходящие глобальные изменения затрагивают все стороны жизни людей, вызывая необходимость социально-педагогической помощи населению.

Консультирование как вид практической деятельности является одной из ключевых областей психолого-педагогических, социальных, медицинских и других служб. Интенсивный прогресс консультирования обусловлено все возрастающей потребностью человека в усложняющихся условиях социального бытия обратиться за помощью к специалисту-профессионалу. Широкое введение практической психологии в активность социального педагога закономерно приводит к развитию ее областей, которые традиционно обозначаются как методы психологического воздействия. Среди них одно из важнейших мест, бесспорно, принадлежит индивидуальному консультированию.

История развития консультативной практики начинается значительно ранее того момента, когда она выделилась в самостоятельную сферу деятельности. Официально этот период в научную психологию не входит, но диапазон способов воздействия и оказания помощи в практике повседневной жизни (как показывает анализ истории) был довольно широким и разнообразным.

Е.А.Климов в одной из своих работ писал, что специфические консультативные функции (как профессиональные) существуют в обществе с первых фаз его развития, потому что члены общества, осуществлявшие накопление «душеведческого опыта», неизбежно становились своеобразными источниками «услуг», т.е. неформальными консультантами – ведунками, знахарями, шаманами. Сюда относятся всякого рода предвидения, предсказания и